Алматы облысының 2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджетінің азаматтық бюджеті

Қонаев қаласы 2026 ж.

Құрметті сайт қонақтары!

Сіздің назарыңызға 2026-2028 жылдарға арналған Азаматтық бюджет ұсынылды, онда Алматы облысы бюджетінің негізгі көрсеткіштері, оны қалыптастыру параметрлері және бюджет қаражатын жұмсау бағыттары туралы ақпарат бар.

Бұл құжат келесі бөлімдерді қамтиды:

- негізгі ұғымдар, ең төменгі есептік көрсеткіштер;
- облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері;
- облыс бюджетінің түсімдері мен шығыстары.

Алматы облысының 2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджеті Алматы облыстық мәслихатының 2025 жылғы 15 желтоқсандағы №44-248 шешімімен бекітілген.

Алматы облысының 2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджеті Алматы облыстық мәслихатының 2026 жылғы 15 мамырдағы № 50-291 шешімімен нақтыланды.

67-1 бап Азаматтық бюджет

Республикалық және жергілікті бюджеттердің негізгі ережелерін ашатын, бұқаралық ақпарат құралдарында жұртшылыққа қолжетімді нысанда жарияланатын ақпарат азаматтық бюджет болып табылады.

Бюджеттік жоспарлау және бюджеттерді атқару сатыларында азаматтық бюджетті жасау мен ұсыну тәртібін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайды.

Негізгі ұғымдар

Бюджет - мемлекеттің өз міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржылық қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры.

Бюджет жүйесі – бюджеттердің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, сондай-ақ бюджеттік процестер мен қатынастардың жиынтығы.

Бюджет жүйесінің қағидаттары:

1) **бірыңғайлық қағидаты** – Қазақстан Республикасында бюджет жүйесін ұйымдастырудың және оның жұмыс істеуінің бірыңғайлық қағидаттарын қолдану, бірыңғай бюджет сыныптамасын, бюджет процесінің бірыңғай рәсімдері мен техникалық шешімдерін пайдалану;

2) **толымдылық қағидаты** - бюджетте және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық түсімдер мен шығыстардың көрсетілуі, бюджет қаражаты бойынша талап құқықтарының басқаға берілуі сияқты, бюджет қаражатын пайдалана отырып, өзара талаптарды есепке жатқызуға жол бермеу;

3) **реалистік қағидаты** – бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджет көрсеткіштерінің әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарының, аумақтарды дамыту бағдарламаларының, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының бекітілген (нақтыланған, түзетілген) параметрлеріне, бағыттарына сәйкес келуі;

4) **транспаренттілік қағидаты** – мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджеттерді және олардың атқарылуы туралы есептерді, азаматтық бюджетті, стратегиялық жоспарлар мен олардың іске асырылуы туралы, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы есептерді міндетті түрде жариялау, сондай-ақ бюджет процесінің қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдары үшін міндетті түрде ашық болуы;

5) **дәйектілік қағидаты** - мемлекеттік органдардың бюджеттік қатынастар саласында бұрын қабылданған шешімдерді сақтауы;

6) **нәтижелілік қағидаты** – стратегиялық жоспарларда, аумақтарды дамыту бағдарламаларында және (немесе) мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларында көзделген нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарланған бюджетті әзірлеу және атқару;

7) **бюджеттердің дербестік қағидаты** - түрлі деңгейдегі бюджеттер арасында түсімдердің тұрақты бөлінуін белгілеу және осы Кодекске сәйкес олардың жұмсалу бағыттарын айқындау, осы Кодекске сәйкес мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінің бюджет процесін дербес жүзеге асыру құқығы, жергілікті бюджеттердің атқарылуы барысында қосымша алынған кірістерді және жергілікті бюджеттер қаражатының қалдықтарын жоғары тұрған бюджетке алып қоюға жол берілмеуі, төменгі бюджеттерге оларды тиісті өтеусіз, қосымша шығыстар жүктеуге жол берілмеуі;

8) **сабақтастық қағидаты** - өткен кезеңде бекітілген әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарына, базалық шығыстарға, бюджеттік мониторинг қорытындыларына, нәтижелерді бағалауға негізделген республикалық және жергілікті бюджеттерді жоспарлау;

9) **негізділік қағидаты** - бюджет жобасына қандай да болсын түсімдерді немесе шығыстарды енгізу қажеттігін және олардың көлемдерінің негізділігін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер және басқа да құжаттар негізінде бюджетті жоспарлау, сондай-ақ бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалану;

10) **уақтылылық қағидаты** - республикалық және жергілікті бюджеттерге, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаның бақылау шотына түсімдерді есептеу және оларды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі Үкімет шотына аудару, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына сәйкес мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер қабылдауы, төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына сәйкес төлемдер жасау және тиісті нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіпті сақтай отырып, мерзімінде бюджет қаражатын алушылар шоттарына аудару;

11) **кассаның бірыңғайлық қағидаты** - бюджетке барлық түсімдерді бірыңғай қазынашылық шотқа есептеу және бірыңғай қазынашылық шоттан барлық көзделген шығыстарды ұлттық валютамен жүзеге асыру;

Негізгі ұғымдар

12) **тиімділік қағидаты** – бюджет қаражатының бекітілген көлемін пайдалана отырып, ең үздік тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланып, тікелей және түпкілікті нәтижеге қол жеткізу қажеттігін негізге ала отырып, бюджетті әзірлеу және атқару;

13) **жауапкершілік қағидаты** - тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге және бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік мекемелер басшыларының және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін шешімдер қабылдағаны үшін жауапкершілігін қамтамасыз етуге бағытталған қажетті әкімшілік және басқару шешімдерінің қабылдануы;

14) **бюджет қаражатының атаулылығы мен нысаналы сипатының қағидаты** – бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталына қатысу арқылы бюджет қаражатын стратегиялық жоспарларда, аумақтардыдамытубағдарламаларындажәне(немесе)мемлекеттікоргандардың бюджеттік бағдарламаларында бюджеттік инвестициялардың қаржылық-экономикалық негіздемелерінде көзделген нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағыттауы және пайдалануы.

Бюджет қаражаты – мемлекеттік меншікке түсуі және жұмсалуы бюджетте ақшалай нысанда көрсетілетін мемлекеттің ақшасы мен өзге де активтері;

Қаржыландыру - бюджет ақшасын оларды алушыларға бөлу;

Бюджет қаражатын алушылар – бюджет қаражатын бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі арқылы алатын және оны бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар;

Жоспарлы кезең - ағымдағы қаржы жылынан кейінгі үш қаржы жылы;

Есепті қаржы жылы - жоспарлы кезеңнің ағымдағы қаржы жылының алдындағы жыл;

Кезекті қаржы жылы - ағымдағы қаржы жылынан кейінгі жыл;

Бекітілген бюджет - Қазақстан Республикасының Парламенті немесе тиісті мәслихат бекіткен бюджет;

Нақтыланған бюджет - атқарылуы барысында Қазақстан Республикасының Парламенті немесе тиісті мәслихат қабылдаған өзгерістер мен толықтырулар ескеріле отырып, бекітілген бюджет;

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың қаулылары, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің шешімдері және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері негізінде түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, кезекті қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы бекітілген (нақтыланған) бюджеттің көрсеткіштерін өзгерту **бюджетті түзету** болып табылады.

Мемлекет активтері - өткен операциялар немесе оқиғалар нәтижесінде мемлекеттік меншікке алынған, құндық бағасы бар мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен құқықтар;

Бюджеттік қамтамасыз етілу - тиісті бюджеттер қаражаты есебінен ұсынылатын, осы көрсетілетін қызметтерді алушылардың бірлігіне есептегендегі мемлекеттік қызметтер құны;

Өңірдің салықтық әлеуеті – үш жылдық кезеңге жалпы сипаттағы трансферттердің мөлшерлерін белгілеу кезінде өңірдің кіріс көлемдерін айқындау үшін есептелетін, салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер түсімдерінің ең жоғары ықтимал сомасы;

Квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде мемлекет құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар;

Грант - донорлардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарына беретін өтеусіз қаржылық немесе техникалық көмегі;

Негізгі ұғымдар

Өтеусіз қаржылық көмек - донорлардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарына тауарлар беруді, жұмыстарды орындауды және қызметтер көрсетуді қаржыландыру үшін ақша беруі;

Өтеусіз техникалық көмек - донорлардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымдарына тауарлар беруді, жұмыстарды орындауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыруы немесе ұйымдастыруы;

Донорлар - шет мемлекеттер, олардың үкіметтері мен агенттіктері, халықаралық және шетелдік мемлекеттік ұйымдар, қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейтін шетелдердің үкіметтік емес қоғамдық ұйымдары және қорлары;

Бюджет қаражатының игерілмеуі – бюджет қаражатының үнемделуін, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар резервтерінің бөлінбеген қалдығын, шартты түрде қаржыландырылатын шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген, өткен қаржы жылында бөлінген нысаналы даму трансферттерін қайтару сомасын қоспағанда, төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарының бюджеттік бағдарлама бойынша төленген міндеттемелерден есепті кезеңнің қорытындылары бойынша қалыптасқан асып кету сомасы;

Бюджеттік бағдарламаларды тиімсіз атқару – бюджеттік жүйенің мынадай: нәтижелілік, негізділік, тиімділік, жауапкершілік, бюджет қаражатының атаулылығы мен нысаналы сипаты қағидаттарына сәйкес келмейтін бюджет қаражаттарының жұмсалуы;

Қаржылық есептілік – егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, нысаны мен көлемін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің қаржылық жағдайы, қызметінің қаржылық нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы ақпарат;

Нәтижелердің көрсеткіштері–мемлекеттік органның стратегиялық жоспарды, аумақты дамыту бағдарламасын және (немесе) бюджеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі қызметін сипаттайтын нысаналы индикаторлардың, тікелей және түпкілікті нәтижелердің жиынтығы;

тікелей нәтиже - қол жеткізілуі осы функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыратын немесе қызметтер көрсететін ұйымдардың қызметіне толық байланысты болатын, көзделген бюджет қаражаты шегінде атқарылатын мемлекеттік функциялар, өкілеттіктер және көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көлемінің сандық сипаттамасы;

түпкілікті нәтиже – мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелерге қол жеткізуіне негізделген стратегиялық жоспардың, аумақты дамыту бағдарламасының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізуді санмен өлшейтін бюджеттік бағдарлама көрсеткіші;

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БЮДЖЕТТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ

Бюджетаралық қатынастар



Трансферттер



Бюджеттің төртінші деңгейін енгізу

Бюджеттерді бекіту

БЮДЖЕТТІ БЕКІТУ

I. Республикалық бюджет 1 желтоқсаннан кешіктірмей бекітіледі

II. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті республикалық бюджет туралы заңға қол қойылғаннан кейін екі апта мерзімнен кешіктірілмей бекітіледі

III. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) бюджет облыстық бюджетті бекіту туралы облыстық мәслихаттың шешіміне қол қойылғаннан кейін екі апта мерзімнен кешіктірілмей бекітіледі

IV. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттері аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджетін бекіту туралы аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының шешіміне қол қойылғаннан кейін екі апта мерзімнен кешіктірілмей бекітіледі

Бюджеттерді нақтылау

ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІҢ БЮДЖЕТТІК ПРОЦЕСІ

Қазақстан Республикасының бюджет процесі (жергілікті деңгей)

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Құрылған жылы	10.03.1932 жыл
Ауданы	104,9 мың кв. км
Халқы	1 606,4 мың адам *(2026 ж.1 сәуірге)*
Облыс орталығы	Қонаев қаласы *(66,4 мың адам)*

Облыс құрамына 9 аудан және 2 облыстық маңызы бар қала, 373 елді мекендер кіреді

Алматы облысының 2026-2028 жылдарға арналған әлеуметтік-дамуының болжамды көрсеткіштері

№ п/п	Наименование показателей	Оценка 2025	Прогноз		
			2026	2027	2028
1	2	3	5	6	7
1	**ЖӨӨ, млрд. теңге**	6 685,2	7 409,7	8 152,8	8 946,3
2	ЖӨӨ-нің нақты өсімі, өткен жылға %-бен	106,0	105,4	105,4	105,0
3	Жан басына шаққандағы ЖӨӨ, мың долл.	8 022,8	8 715,2	9 359,2	10 010,6
4	Өткен жылға қарағанда ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі %	103,3	102,5	102,8	103,0
5	Өткен жылға қарағанда өнеркәсіп өнімінің көлемі %	106,4	106,6	106,8	107,0
6	Өткен жылға қарағанда тау-кен өнеркәсібі %	100,0	100,1	100,5	101,0
7	Өткен жылға қарағандағы өңдеу өнеркәсібі, %	106,6	106,0	106,8	107,3
8	Өткен жылға қарағанда электрмен қамту, газ, бу беру және ауамен конденсациялау, %	108,5	107,8	108,0	108,0
9	Өткен жылға қарағанда сумен қамту, кәріз жүйесі, қалдықты жинау және бөлуді бақылау , %	102,3	101,0	102,0	102,5
10	Өткен жылға қарағанда құрылыс %	116,2	104,8	105,2	106,6
11	Өткен жылға қарағанда негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі %				
12	Өткен жылға қарағанда көлік қызметтері (жүк тасымалдау), %	110,5	107,3	107,5	108,4
13	Кезең соңындағы инфляция, %				
14	Күнкөріс минимумы, теңге				
15	Экономикалық белсенді халық санына қарағанда, жұмыссыздық деңгейі, %	4,7	4,7	4,7	4,6

Алматы облысының әкімшілік-аумақтық құрылымы

Административно-территориальное деление Алматинской области Республики Казахстан

Центр Алматинской области – г. Конаев

Общая площадь области – 10,5 млн. га.

№ на карте	Наименование административно-территориальной единицы	Наименование центра административно-территориальной единицы	Численность населения (тыс.чел.)	Общая площадь, га.
1	Балхашский район	с. Баканас	30,8	3735061
2	Енбекшиказахский район	г. Есик	299,2	825660
3	Жамбылский район	с. Узынагаш	164,7	1910980
4	Илийский район	п. Отеген батыр	285,8	779683
5	Карасайский район	г. Каскелен	297,0	280652
6	Кегенский район	с. Кеген	32,6	716259
7	Райымбекский район	с. Нарынкол	42,2	711937
8	Талгарский район	г. Талгар	194,0	365327
9	Уйгурский район	с. Шонжы	63,3	875752
10	Конаевский г.а.	г. Конаев	61,6	365403

Сокращения в списке: г. – город, г.в. – городской аким, п. – поселок , с. – село.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі есеп айырысулар

- Айлық есептік көрсеткіш – 4 325 теңге *(ҚР заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін);*

- Ең төменгі жалақы мөлшері – 85 000 теңге;

- Ең төменгі зейнетақы мөлшері – 69 049 теңге;

- Стипендияның ең төменгі мөлшері – 50 851 теңге.

Алматы облысының 2026-2028 жылдарға арналған бюджеті

млрд.теңге

Атауы	2025 жыл факт	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
Түсімдер - барлығы:	**988,1**	**1 042,5**	**958,3**	**957,6**
Кірістер	628,6	768,6	818,7	898,5
РБ нысаналы трансферттер	111,4	71,4	23,2	11,0
Кредиттер	31,9	12,7	2,0	2,2
Субвенциялар	199,0	108,0	106,2	38,6
Бос қалдықтарды бағыттау	6,7	6,6		
Шығыстар – барлығы, *оның ішінде негізгі бағыттар:*	**988,1**	**1 042,5**	**958,3**	**957,6**
Білім	492,9	457,7	463,2	476,5
Денсаулық сақтау	29,3	16,1	22,2	23,4
Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	35,7	40,7	49,1	52,4
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	120,0	127,7	57,1	86,3
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	38,2	39,4	50,6	48,8
Ауыл, су, орман шаруашылығы, жер қатынастары	70,3	60,5	72,5	68,2
Көлік және коммуникациялар	55,9	57,4	49,0	59,5

2026 жылға арналған Алматы облысы бюджетінің құрылымы

	Атауы	мың теңге
I	**Кірістер**	**962 216 474**
1	Салықтық түсімдер	720 250 270
2	Салықтық емес түсімдер	34 182 576
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	15 463 363
4	Арнаулы түсімдер	1 680 737
5	Трансферттер түсімдері	190 639 528
II	**Шығындар**	**1 004 879 141**
1	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	33 925 272
2	Қорғаныс	4 183 718
3	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік	20 461 199
4	Білім	458 235 638
5	Денсаулық сақтау	18 803 959
6	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	40 765 858
7	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	168 813 692
8	Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	42 561 028
9	Отын-энергетика кешен және жер қойнауын пайдалану	10 018 737
10	Ауыл шаруашылығы	73 399 581
11	Сәулет және құрылыс қызметі	26 369 141
12	Транспорт және коммуникация	58 521 521
13	Басқалары	42 736 389
14	Борышқа қызмет көрсету	6 083 408
15	Трансферттер	
III	**Таза бюджеттік кредиттер**	**8 241 252**
1	Бюджеттік кредиттер	17 855 929
2	Бюджеттік кредиттерді өтеу	9 614 677
IV	**қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо:**	**4 356 730**
1	Қаржылық активтерді сатып алу	4 356 730
2	Қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	
V	**Бюджет тапшылығы (профициті)**	**-48 657 137**
VI	**бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)**	**48 657 137**
1	РБ қарыздар түсімі	64 002 494
2	Қарыздарды өтеу	15 393 793
3	Бюджет қаражаты қалдықтарының қозғалысы	6 651 948
	Кірістер	**1 042 485 593**
	Шығындар	**1 042 485 593**
	БАЛАНС	**0**

Меншікті облыстық бюджеттің құрылымы 2026-2028 жылдар

млрд. теңге

	Бөлімдердің атауы	2026 жыл	Жоспар 2027жыл	2028 жыл
I.	**Кірістер:**	**858,5**	**829,7**	**851,3**
	салықтық түсімдер	76,9	73,6	85,2
	салықтық емес түсімдер	34,5	3,0	2,9
	негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,3		
	трансферттер түсімі	1,7	2,6	2,9
II.	**Шығындар**	745,1	750,4	760,3
III.	**Таза бюджеттік кредиттеу**	**850,5**	**829,9**	**847,2**
	бюджеттік кредиттер	**52,3**	**-26,3**	**-2,3**
	бюджеттік кредиттерді өтеу	67,3	5,1	5,3
VI.	**Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо:**	15,0	31,4	7,6
	қаржы активтерін сатып алу	**4,4**		
	мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	4,4		
V.	**Бюджет тапшылығы (профициті)**			
VI.	**Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)**	**-48,7**	**29,7**	**6,3**
	қарыздар түсімі	**48,7**	**-29,7**	**-6,3**
	қарыздарды өтеу	64,0	2,0	2,2
	бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	15,4	31,7	8,5

2026 жылға арналған аудандар мен қалалар бөлінісіндегі облыс бюджеті

мың теңге

р/№	Аудан, қала атауы	Шығындар	Жалпы көлемнен үлес салмағы, %	Меншікті кірістер	Жалпы көлем үлес салмағы, %
1	Балхаш	8 948 096	0,9	1 751 614,00	0,2
2	Енбекшіқазақ	47 457 519	4,6	39 368 319	5,1
3	Жамбыл	27 317 584	2,6	17 425 799	2,3
4	Іле	24 424 094	2,3	387 414 951	50,2
5	Қарасай	39 648 076	3,8	111 351 879	14,4
6	Кеген	12 673 795	1,2	2 326 008	0,3
7	Райымбек	12 019 098	1,2	1 744 900	0,2
8	Талғар	24 925 935	2,4	43 293 368	5,6
9	Ұйғыр	11 988 571	1,1	4 979 360	0,6
10	Алатау	17 961 339	1,7	11 487 333	1,5
11	Қонаев	45 625 924	4,4	42 854 594	5,6
	Барлығы	272 990 031	26,2	663 998 125	86,1
	Меншікті облыстық	769 495 562	73,8	107 578 821	13,9
	Облыс бойынша барлағы	1 042 485 593	100	771 576 946	100

2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджеттің түсімдері

млрд. теңге



2026 жылға арналған облыстық бюджеттің меншікті кірістерінің үлесі

Барлығы – 771,6 млрд. теңге

Салықтық түсімдер 720,3 млрд. теңге



Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер
15,5 млрд.теңге немесе 2,0%

Арнаулы түсімдер
2,7 млрд.теңге немесе 0,3%

Салықтық емес түсімдер
33,1 млрд.теңге немесе 4,3 %

2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджетте Әлеуметтік салаға бөлінген бюджеттік қаражат

млрд. теңге

Атауы	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
Әлеуметтік сала- барлығы	**556,2**	**585,1**	**601,1**
Білім	457,7	463,2	476,5
Денсаулық сақтау	15,7	22,2	23,4
Әлеуметтік қорғау	43,4	49,1	52,4
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	39,4	50,6	48,8

Білім беру саласындағы ағымдағы шығыстар

млрд. теңге

Атауы	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
Білім бойынша барлық шығындар:	**416,3**	**438,4**	**433,6**	**457,0**
Оның ішінде:				
Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	72,9	71,6	71,2	71,3
Жалпы білім беру	304,7	324,8	321,1	342,1
Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім	15,8	18,4	20,0	21,0
Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	22,9	23,6	21,3	22,6

Білім берудің ағымдағы шығындарына бөлінген қаражат 2026-2028 жылдарға арналған

млрд. теңге



Облыс бойынша **1 691** білім мекемелері жұмыс істейді *(447 мектеп және 6 дарынды балаларға арналған лицейлер, 1 146 мектепке дейінгі балалар мекемелері (о.і. 101 мемлекеттік), 31 колледж, 33 қосымша білім беру, 3 оқу-өндірістік комбинаттар, 3 көмекші мектеп-интернаттар,, 9 ПМПК, 13 КППК, 1 балалар үйі, 1 кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы және 4 облыстық орталық),* қызметкерлер саны 70,3 мың штаттық бірлікті құрайды

2026 жылы жалпы сомасы **10,4** млрд. теңгеге **10** білім беру нысанына күрделі және **1,2** млрд. теңгеге **21** нысанға ағымдағы жөндеу жоспарланған.

Облыстық бюджеттің ТКШ ағымдағы шығыстары

(республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді ескере отырып)

млн. теңге

Атауы	2025 жыл нақты	Жоспар		
		2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
Көркейту, көгалдандыру және жарықтандыру	18 211,1	14 026,7	18 695,2	19 109,9
Энергия кәсіпорындарына отын сатып алу	2 434,4	2 934,4	2 434,4	2 434,4
Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жұмыс істеуі	1 039,7	1 501,6	1 280	1 430
Арнайы техника сатып алу	1 118	693,6	400	400
Елді мекендерді газдандыру	2 434,4	2 645,7	2 434,4	2 434,4

Мәдениет, спорт және туризм салаларындағы іс-шараларды іске асыруға арналған шығыстар

(республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді ескере отырып)

млн. теңге

Атауы	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
Мәдениет	685,5	179,0	188,0
Спорт	169,5	177,9	186,8
Туризм	460,8	448,9	471,4

Облыстық бюджеттің ауыл шаруашылығы шығыстары

(республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді ескере отырып)

млн. теңге

Атауы	Жоспар			
	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
Барлығы:	**43 777,3**	**50 437,2**	**48 578,1**	**51 388,9**
Оның ішінде:				
Субсидия	32 801,9	39 158,1	48 130,0	50 918,8
Өсімдік шаруашылығы	*3 326,3*	*4 838,9*	*4 450,9*	*4 673,4*
Мал шаруашылығы	*14 326*	*14 135,4*	*14 631,9*	*14 820,8*
Инвестициялық субсидиялар	*10 486,8*	*10 998,9*	*18 722,6*	*20 583,8*
Лизинг	*4 662,8*	*9 184,9*	*10 324,6*	*10 840,8*
Басқалар	475,4	479,1	448,1	470,1
Кредит (ауыл аманаты, МТФ)	10 500	10 800,0	-	-

Алматы облысы бойынша автомобиль жолдарын жөндеу

млрд. теңге

Атауы	2026 жыл	2027 жыл	2028 жыл
Барлығы:	**46,2**	**43,1**	**53,4**
Жергілікті бюджет есебінен			
Оның ішінде:			
Жолдарды салу және қайта жаңарту	0,8		
Облыстық маңызы бар жолдарды жөндеу	11,6	15,6	24,5
Аудандық, қалалық маңызы бар жолдарды жөндеу	33,8	27,5	28,9

2026 жылдың Алматы облысы бойынша даму бюджеті

№	Жоба атауы	Нысандар саны	Оның ішінде 2026 жылы іске қосылатындар	Сомасы 2026 ж., млн.теңге	Бюджеттегі үлес салмағы (%)
	БАРЛЫҒЫ:	**235**	**165**	**138 920**	**100**
	Республикалық бюджет	3	0	4 239	3,1
	Ұлттық қор	11	0	54 591	39,3
	Ішкі қарыз	217	165	75 731	54,5
	Жергілікті бюджет	4	0	4 359	3,1
1	Білім беру	19	17	6 476	4,7
	Жергілікті бюджет	19	17	6 476	4,7
2	Денсаулық сақтау	70	69	2 550	1,8
	Жергілікті бюджет	70	69	2 550	1,8
3	Сумен қамту және су бұру	44	10	39 538	28,5
	Ішкі қарыз	2		2 011	1,4
	Ұлттық қор	6		11 147	263,0
	Жергілікті бюджет	36	10	26 380	19,0
4	Тұрғын үй құрылысы және ИКЖ	14	10	3 584	2,6
	Жергілікті бюджет	14	10	3 584	2,6
5	Басқалар	88	59	86 773	62,5
	Республикалық бюджет	3		4 239	3,1
	Жергілікті бюджет	5		43 444	31,3

МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӘРІПТЕСТІК

ЖАЛПЫ ЛИМИТ

337,5 МЛРД.ТЕҢГЕ

МІНДЕТТЕМЕЛЕР БОЙЫНША ҚАРЫЗ

167 МЛРД.ТЕҢГЕ (23 ЖОБА)

ҚАБЫЛДАУ ШЕГІ

170,5 МЛРД.ТЕҢГЕ

Қабылданған міндеттемелер

ИЗ Шелек	**71,7**
«Сергек» камералары	**26,1**
КОС в г. ҚОНАЕВ	**20,5**
ФОК	**11,2**
ИЗ КАЙРАТ	**10,8**
АМКБ	**5,6**
Наружное освещение	**4,1**
БМК	**2,7**
Садик	**2,4**

Мемлекеттік міндеттемелерсіз

- Ауылдық денсаулық сақтауды дамыту
- Мектеп асханаларында тамақтануды ұйымдастыру

Жоспарланған жобалар

Мемлекеттік міндеттемелермен

- Индустриялық инфрақұрылым аймақтар

ИЗ «Казбек бек» – **116,2**
ИЗ «Кайрат-2» – **74,8**

Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының ресми сайты
https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-economy?lang=kk

Электрондық пошта economy.alm@mail.ru

Қабылдау бөлімі тел.: 8 727 72 2-03 59

Орналастыруға жауапты:
«Алматы облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ

Орындаған: Бюджеттік саясат және кірістерді болжау бөлімінің бас маманы
Солтанов А. Ж.
Телефон: +7 (707) 486 17 06

Адрес: Алматы облысы, Қонаев қаласы, Индустриальная к-сі 16/4